

**БЕКІТЕМІН**  
**«Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қорының**  
**атқарушы директоры**



**/ С.Н. Қазыбаева**

**2023 жылғы «25» желтоқсан**

**2024 жылғы «Almaty Half Marathon»**  
**жүгіру жарысын өткізу туралы**  
**ЕРЕЖЕ**

**Алматы қ., 2023 ж.**

## **1. ЖАРЫСТЫ ӨТКІЗУ МАҚСАТТАРЫ**

«**Almaty Half Marathon**» 2024 (бұдан әрі – «**Жарыс**») – негізгі қашықтығы 21 км 975 м, сондай-ақ 10 км, 10 км скандинавиялық жүріс, 21 км 975 м Экиден эстафетасы қашықтықтары бар жыл сайынғы жүгіру жарысы. Алматы қаласының әрбір тұрғыны мен қонағы қатыса алатын жүгіру және спорт әуесқойларының қалалық мерекесі.

### **Жарысты өткізу мақсаттары:**

- жүгіруді және скандинавиялық жүрісті насихаттау;
- жүгірушілерді халықаралық марафон жарыстарына дайындау;
- дені сау ұлт қалыптастыру;
- бұқаралық спортты дамыту;
- Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтары арасында салауатты өмір салтын насихаттау;
- зиянды әдеттерден (темекі шегуден) бас тарту;
- ерекше қажеттіліктері бар балалар арасында спортты қолдау және дамыту.

## **2. ЖАРЫСТЫ БАСҚАРУШЫ ҰЙЫМ**

**2.1.** Жарысты өткізу кезінде жалпы басшылықты «**Бірінші болу – батылдық**» корпоративтік қоры жүзеге асырады.

**2.2.** Жарысты дайындау мен өткізуді ұйымдастыру «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қорының Ұйымдастыру комитетіне (бұдан әрі – «Ұйымдастыру комитеті») жүктеледі.

## **3. ЖАРЫСТЫҢ ӨТЕТІН ОРНЫ МЕН УАҚЫТЫ**

**3.1.** Жарыстың өтетін күні мен уақыты: **2024 жылғы «21» сәуір, сағ. 05:30-дан 13:30-ға дейін.**

**3.2.** Жарыстың өтетін орны: Алматы қаласы.

Барлық қашықтықтардың сөресі: Тұңғыш Президент саябағы (Әл-Фараби даңғылы, Дулати көшесінің бұрышы)

Барлық қашықтықтардың мәресі: Орталық стадион (Абай даңғылы).

## **4. ЖАРЫС ҚАШЫҚТЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ЖАС САНАТТАРЫ**

**4.1.** Жарыс бағдарламасына мына қашықтықтар енгізілді:

- 21 км 975 м қашықтығына жартылай марафон;
- 10 км қашықтығы;
- 10 км скандинавиялық жүріс;
- 21 км 975 м қашықтығына Экиден (командалық эстафета, командада 4 адам);

**4.2.** Жарыстың жас санаттары:

**4.2.1.** Жартылай марафонның (21 км 975 м) жас санаттары:

- 18-24 жас;
- 25-29 жас;
- 30-39 жас;
- 40-49 жас;
- 50-59 жас;
- 60-69 жас;
- 70 жастан жоғары

**4.2.2.** 10 км-ге жүгіру жарысының жас санаттары:

- 15-24 жас;
- 25-29 жас;
- 30-39 жас;
- 40-49 жас;

- 50-59 жас;
- 60-69 жас;
- 70 жастан жоғары

#### 4.2.3. Экиден қашықтығының жас санаттары:

- 15 жастан жоғары

## 5. ЖАРЫС ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

### 5.1. Жарысқа қатысуға мына жас санаттарындағы адамдар жіберіледі:

- 21 км 975 м жартылай марафоны – 18 және одан жоғары жастағы қатысушылар;
- 10 км қашықтығы – 15 және одан жоғары жастағы қатысушылар;
- 10 км скандинавиялық жүріс – 15 және одан жоғары жастағы қатысушылар;
- 21 км 975 м қашықтығына Экиден (командалық эстафета) – 15 және одан жоғары жастағы 4 (төрт) адамнан тұратын командалар.

5.2. Жарыста бір мезгілде бірнеше қашықтыққа және бірнеше Экиден командасына қатысуға қатаң түрде тыйым салынады.

5.3. Жарысқа тіркеу кезінде Жарыс өтетін кездегі толық жас мөлшері есепке алынады.

## 6. ЖАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ШЫҒЫНДАРЫ

6.1. Жарысты ұйымдастыру және өткізу шығындарын Ұйымдастыру комитеті көтереді.

6.2. Жарыстың жол жүрумен, орналасумен және тамақтанумен байланысты шығындарын қатысушыларды іссапарға жіберген ұйымдар немесе Жарысқа қатысушылардың өздері көтереді.

## 7. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУҒА РҰҚСАТ БЕРУ

7.1. Жеке қашықтықтардағы (21 км 975 м, 10 км, 10 км скандинавиялық жүріс) Жарыстарға қатысушыларды тіркеу [www.almaty-marathon.kz](http://www.almaty-marathon.kz) интернет-сайтында **2023 жылғы «25» желтоқсанда** басталып, **2024 жылғы «07» сәуірде** немесе қатысушылар саны 8000-ға (сегіз мыңға) жеткен кезде аяқталады.

7.2. Экиден командалық эстафетасында Жарыстарға командаларды тіркеу [www.almaty-marathon.kz](http://www.almaty-marathon.kz) интернет-сайтында **2023 жылғы «25» желтоқсанда** басталып, **2024 жылғы «31» наурызда** немесе Экиден командаларының саны 50-ге (елуге) жеткен кезде аяқталады.

7.3. Жарыстың корпоративтік қатысушыларын тіркеу [info@almaty-marathon.kz](mailto:info@almaty-marathon.kz) электронды поштасына сұраным жолдау арқылы жүзеге асырылады. Бір компаниядан Жарысқа қатысушылар саны 30 (отыз) адамнан артық болуы тиіс. Жарысқа қатысушылар саны 30 (отыз) адамға жетпейтін Ұйымдар / Компаниялар [www.almaty-marathon.kz](http://www.almaty-marathon.kz) интернет-сайтында өз бетінше тіркеледі.

Корпоративтік қатысушылар – Жарысқа қатысу ақысын ұйымдастыру комитетінің есеп айырысу шотына ақша аудару арқылы қатысушылардың ұйымы / компаниясы төлейтін жеке қашықтықтардағы (21 км 975 м, 10 км, 10 км скандинавиялық жүріс) қатысушылар. Тіркеу корпоративтік қатысушылардың өкілінен электронды поштаға сұраным жіберу және арнайы нысанды толтыру негізінде жүзеге асырылады.

7.4. [www.almaty-marathon.kz](http://www.almaty-marathon.kz) интернет-сайтында онлайн-тіркеу рәсімінен өтіп, жүгіру Жарысының нақты бір қашықтығына тіркелу фактісі бойынша берілген ID нөміріне сәйкес сөрелік жарнаны төлеген қатысушы Жарысқа тіркелген болып саналады. Жарысқа қатысушылар тізіміне тек ақысы төленген өтінімдер ғана енгізіледі.

7.5. Жарысқа қатысушы тіркелу және сөрелік жарнаны төлеу арқылы Жарысты өткізу туралы осы Ереженің барлық талаптарымен келіседі.

7.6. Жарыс қашықтықтарының сөрелік жарналарының құны:

- 21 км 975 м жартылай марафоны – **12 000 (он екі мың) теңге;**
- 10 км қашықтығы – **12 000 (он екі мың) теңге;**
- 10 км скандинавиялық жүріс – **10 000 (он мың) теңге;**



- Экиден – 144 000 (бір жүз қырық төрт мың) теңге.

**7.7. Жарыста қашықтықты ауыстыру 2024 жылғы «07» сәуірге дейін қоса алған кезеңде ғана мүмкін болады.** Жарысқа қатысу слоты сатып алынып қойған жағдайда, Ұйымдастыру комитетіне хабарласып, Жарыс қашықтығын ауыстыру үшін 1 000 (бір мың) теңге төлеу қажет. Жарыс қашықтығы аздан көпке ауыстырылған жағдайда, слоттар құнының айырмасы да қосымша төленеді. Жарыс қашықтығы көптен азға ауыстырылған жағдайда, слоттар құнының айырмасы **қайтарылмайды!** Жарыс қашықтығы таңдалған Жарыс қашықтығында бос слоттар болған жағдайда ғана ауыстырылады. Жарыстың атаулы нөмірі бір қашықтықтан екіншісіне ауыстырылғанда атаулы нөмір сақталмайды.

**7.8. Атаулы сөрелік нөмірлер 2024 жылғы 14 наурызға дейін (қоса алғанда) тіркеліп, сөрелік нөмірдің ақысын төлеген кезде беріледі.** Атаулы нөмірде сайтта тіркелу кезінде «Аты-жөні» бағанында енгізген аты-жөніңіз көрсетіледі. Нөмірде лақап ат, әдепсіз сөздер, ұрандар және басқа да үндеулер көрсетілмейді. Сөрелік нөмірді басып шығарудың алдында деректердің дұрыстығы тексеріледі.

**7.9. Жарысқа қатысу үшін төленген қаражат қайтарылмайды.** Дұрыс емес немесе басқа біреудің ID нөміріне жіберілген қаражат **қайтарылмайды** және Жарыстың басқа қатысушысына, сондай-ақ «Бірінші болу – батылдық» КҚ-ның басқа Жарысына қатысу ақысы ретінде аударылмайды.

**7.10. Қатысушының сөрелік нөмірі қайтарылмайды және айырбасталмайды.**

**7.11. Сөрелік нөмірі жоқ қатысушылар Жарысқа жіберілмейді!**

**7.12. Жарысқа қатысушының сөрелік нөмірі анық көрінуі тиіс.** Жарысқа қатысушы сөрелік нөмірді алдыңғы жақта кеуде тұсында немесе бел буатын белдікте орналастыруы тиіс.

**7.13. Жарысқа басқа біреудің нөмірімен қатысуға тыйым салынады!** Сөрелік нөмірлерді басқа адамдарға беру фактісі анықталған жағдайда, нөмірді берген Жарыс қатысушысы мен басқа біреудің нөмірін алған Жарыс қатысушысы осы Жарысқа қатысудан шеттетіліп, нәтижесінің күші жойылады. Келесі 3 (үш) Жарысқа да қатысуға рұқсат етілмейді.

**7.14. Жарысқа құлаққаппен қатысуға тыйым салынады.**

**7.15. Мүгедектер арбасындағы, қол жетекті велосипедтегі қатысушылар, балаларға арналған арнайы жүгіру арбаларындағы қатысушылар жеке кластерден сөреге шығады.** Кластерге кіру үшін 2024 жылғы 17 сәуір күнгі сағ. 18:00-ге дейін [info@almaty-marathon.kz](mailto:info@almaty-marathon.kz) адресіне алдын ала өтінім жіберу қажет. Арбадағы қатысушыда, сондай-ақ оны алып жүретін адамда 2024 жылғы «Almaty Half Marathon» сөрелік нөмірі болуы міндетті.

**7.16. Жүгіру арбасындағы баласы бар спортшылардың қатысуына қойылатын талаптар.** Арбада алып жүретін адамның қолына бекітілетін қауіпсіздік белдігі, үрлемелі доңғалақтары болуы тиіс, бала қауіпсіздік белдігімен бекітілуі, алдыңғы доңғалақтары белгілі бір қалыпта бекітілген болуы тиіс.

**7.17. Мүгедектігі бар қатысушылар қатысу слотын тегін ала алады.** Бұл үшін 2024 жылғы 07 сәуірге дейін [info@almaty-marathon.kz](mailto:info@almaty-marathon.kz) адресіне өтінім жіберу қажет. Өтінімде осы шараға тіркелген ID нөмірі, қатысушының аты-жөні, қашықтығы, сондай-ақ мүгедектігін растайтын құжаттары көрсетілуі тиіс. Алып жүретін адам қатысу ақысын өзі төлейді. Мүгедектігі бар қатысушыларға арналған слоттар саны шектеулі. Барлық тегін слоттар алынып қойған жағдайда, Ұйымдастыру комитеті спортшыға тегін қатысу мүмкіндігін бермеу құқығын өзіне қалдырады.

## **8. ELITE КЛАСТЕРІНЕ БІЛІКТІЛІК АЛУ**

**8.1. Elite** – алдын ала расталған біліктілік уақыты бар спортшыларға арналған жеке сөрелік кластер.

**8.2.** 21 км 975 м қашықтығындағы Жарыстың элиталық санатына спортшыларды тіркеу [almaty-marathon.kz](http://almaty-marathon.kz) интернет-сайтында электронды тіркеуден өткеннен кейін жүргізіледі.

**8.3.** Жарыстың элиталық санатына біліктілік алу үшін спортшыға немесе оның ресми өкіліне **2024 жылғы «07» сәуірге дейін** [info@almaty-marathon.kz](mailto:info@almaty-marathon.kz) электронды адресіне өтінім жіберу



және біліктілік уақытына сәйкес келетін расталған нәтижелерді жіберу қажет. Ұқсас қашықтыққа өтінім бергенге дейінгі соңғы 3 (үш) жыл ішінде өткен жарыстардың нәтижелері ескеріледі.

**8.4.** Жаттығудың мобильді қолданбада жазылуы растау болып табылмайды.

**8.5.** 21 км 975 м қашықтығында элиталық санатқа қосылуға үміткерлер үшін біліктілік уақыты:

- ерлер: жартылай марафонда 1:20:00-ге дейін;
- әйелдер: жартылай марафонда 1:45:00-ге дейін.

## **9. СӨРЕЛІК ЖИНАҚТАРДЫ БЕРУ**

**9.1.** Жарысқа қатысушылардың сөрелік жинақтары **2024 жылғы «19» сәуірден «20» сәуірге дейін қоса алғандағы кезеңде, Алматы уақыты бойынша сағ. 10:00-ден 20:00-ге дейін** беріледі. **Нақты беру орны кейінірек хабарланады.**

**Назар аударыңыз!** Жарыс қатысушыларына сөрелік жинақтар басқа күндері берілмейді.

**9.2. Қатысушының сөрелік жинағына сөрелік нөмір, нәтижені тіркеуге арналған чип, қатысушы жадынамасы, сөмке, түйреуіштер кіреді.**

**9.3.** Жарыстың корпоративтік қатысушылары сөрелік жинақтарын Жарысты өткізу туралы осы Ереженің 9.1-тармағында көрсетілген сөрелік нөмірлерді беру уақытында **2024 жылғы «19» және «20» сәуір күндері** ала алады. Сөрелік жинақты алатын адамға **5 (бес) сөрелік жинақтан артық берілмейді** (өзінің сөрелік жинағын қоса алғанда). Жарысқа қатысушылардың сөрелік жинақтарын алу үшін сөрелік жинақты алатын адам өзінің жеке куәлігін (түпнұсқа немесе электронды нұсқасын), сондай-ақ Қатысушылардың жеке куәліктерін (түпнұсқа немесе электронды нұсқасын) және олардың өздері қолдарын қойған денсаулық туралы қолхаттарын (жазбаша немесе электронды нұсқада) ұсынуы қажет.

**9.4. Жарысқа қатысушылар бір мезгілде мына құжаттарын ұсынған жағдайда ғана жарысқа жіберіледі:**

**18 жасқа толмаған қатысушылар үшін:**

- Жеке куәлік (түпнұсқасы немесе электронды нұсқада) / туу туралы куәлігінің көшірмесі (**баспа түрінде немесе электронды нұсқада**);
- Жарысқа қатысуға рұқсат беретіндігі туралы ата-ананың/қамқоршылардың (қамқоршының) қолхаты (**жазбаша немесе электронды нұсқада**);
- Қолхатқа қолдарын қойған ата-ананың/қамқоршылардың (қамқоршының) жеке куәлігі (түпнұсқасы немесе электронды нұсқада).

**18 жастан асқан қатысушылар үшін:**

- Жеке куәлік (түпнұсқасы немесе электронды нұсқада);
- Денсаулық туралы қолхат (**жазбаша немесе электронды нұсқада**).

**9.5.** Жарысқа Қатысушы сөрелік жинағын өзі алып кете алмайтын жағдайда, оны сөрелік жинақ берілетін күні өз жеке куәлігін (түпнұсқасын немесе электронды нұсқада), сөрелік жинағы алынатын қатысушының жеке куәлігін (түпнұсқасын немесе электронды нұсқада) және Жарысқа қатысушының атынан жазылған денсаулық туралы қолхатты (**жазбаша немесе электронды нұсқада**) көрсету арқылы басқа адам алып кете алады.

**9.6.** Сатып алынған футболкалар сөрелік жинақтарды беру күнінде ғана беріледі. Жарысқа қатысушы футболканы алып кетпесе, алдағы уақытта ол **күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде «Бірінші болу – батылдық» КҚ офисінде** беріледі.

**9.7.** Слотты сатып алған қатысушы, ауырып қалу, жарақат алу, басқа қалаға, іссапарға кету немесе жұмыс ауысымына байланысты жарысқа шыға алмайтын жағдайда, қатысушы таңдаған қашықтығына сәйкес қашықтықты басқа уақытта немесе басқа жерде жүгіріп өтіп, жарыстан кейін 2 (екі) аптаның ішінде медалін «Бірінші болу – батылдық» КҚ офисінен алып кете алады. Оны алу үшін жүгіру жазбасы бар онлайн трекерді, сондай-ақ жарыста болмау себебін растайтын құжатты (еңбекке уақытша жарамсыздық парағы, дәрігердің қорытындысы,



іссапар туралы бұйрық/іссапар куәлігі, ұшаққа отырғызу талондарының көшірмелері) және қатысушының жеке куәлігінің түпнұсқасын немесе электронды нұсқасын көрсету қажет. Мәжбүрлі онлайн қатысуға өтінімді спортшы 2024 жылғы 19 сәуір күнгі сағ. 20:00-ге дейін [info@almaty-marathon.kz](mailto:info@almaty-marathon.kz) поштасына жіберуі тиіс.

**9.8.** Қатысушы өзінің сөрелік жинағын білмесе / ұмытып кетсе / алуға үлгермеген болса, жарыс өткеннен кейін онлайн-трекер бойынша медаль беру мүмкін болмайды.

**9.9.** Басқа жағдайлар 2024 жылғы 20 сәуір күнгі сағ. 14:00-ге дейін [info@almaty-marathon.kz](mailto:info@almaty-marathon.kz) поштасына өтінім берген кезде жеке қарастырылады.

## **10. ЭКИДЕН 21.1**

**10.1.** Жарыстың Экиден командалық эстафетасына 15 жастан асқан спортшылар қатыса алады. Команда 4 (төрт) адамнан тұрады, олардың әрқайсысы өз бөлігін жүгіріп өтеді. **Экиден командалық эстафетаға қатысу үшін команда құрамында міндетті түрде кемінде бір әйел адам болуы қажет.**

**10.2.** Әр команда 5 км, 5 км, 5 км, 6 км 975 м бөліктеріне бөлінген 21 км 975 м қашықтығын жүгіріп өтуі тиіс.

**10.3.** 2 (екі) және одан көп командаға қатысуға, сондай-ақ Жарыс жолының бірнеше бөлігін жүгіруге тыйым салынады.

**10.4.** Экиден командасы мен басқа қашықтықтарға бір жарыс шеңберінде қатысуға тыйым салынады.

**10.5.** Жарыстың Экиден эстафетасында команда үшін қатысу құны **144 000 (Бір жүз қырық төрт мың) теңгені** құрайды.

**10.6.** Жарыстың Экиден командалық эстафетасына командаларды тіркеу [www.almaty-marathon.kz](http://www.almaty-marathon.kz) интернет-сайтында **2023 жылғы «25» желтоқсаннан бастап** жүзеге асырылады және **2024 жылғы «31» наурызда** немесе Экиден командаларының саны 50-ге (елуге) жеткен кезде аяқталады. Толық ақпарат алу үшін [info@almaty-marathon.kz](mailto:info@almaty-marathon.kz) электронды поштасына хабарласуларыңызды сұраймыз.

**10.7.** Эстафетаны табыстау орындары:

- 1-ші (бірінші) қатысушы (сөре) – Тұңғыш Президент саябағы;
- 2-ші (екінші) қатысушы – Әл-Фараби даңғылы, Шашкин көшесінің бұрышы;
- 3-ші (үшінші) қатысушы – Әл-Фараби даңғылы, Розыбакиев көшесінің бұрышы;
- 4-ші (төртінші) қатысушы – Абай даңғылы, Саин көшесінің бұрышы (Саин көшесі мен Алтынсарин көшесінің арасында).

## **11. ЖАРЫСТАР БАҒДАРЛАМАСЫ (кейінірек жарияланады)**

**11.1. Қашықтықтарды жүгіріп өтуге арналған уақыт шектеулері:**

21 км 975 м қашықтығын жүгіріп өтуге арналған уақыт шектеуі – 3 сағат 00 минут,

21 км 975 м қашықтығына жүгіріп, қашықтықтың бірінші жартысын 1,5 сағаттан астам уақытта жүгіріп өткен қатысушы екінші жартысына жіберілмейді.

Бүкіл команданың Экиден қашықтығын жүгіріп өтуіне арналған уақыт шектеуі – 3 сағат 00 минут,

10 км қашықтығын жүгіріп өтуге арналған уақыт шектеуі – 2 сағат 00 минут,

Скандинавиялық жүріс қашықтығын жүріп өтуге арналған уақыт шектеуі – 2 сағат 00 минут.

## **12. САҚТАУ КАМЕРАСЫ**

**12.1.** Қатысушылардың заттары сақтау камерасына қатысушылар сөрелік жинақты беру кезінде алатын Almaty Half Marathon 2024 брендтелген сөмкелерімен ғана қабылданады.

**12.2.** Ұйымдастырушы Қатысушы сөмкесінің ішіндегі заттарға жауап бермейді.

**12.3.** Сақтау камерасына шабаданар, ірі көлемді сөмкелер және брендтелген сөмкеге салынбаған басқа да заттар қабылданбайды.

**12.4.** Сақтау камерасына бағалы заттарды, ақшаны, әшекейлерді өткізбеуге кеңес береміз. Ұйымдастыру комитеті сөмкелердегі заттардың жоғалғаны туралы кінәрат-талаптарды қарастырмайды.

**12.5.** Затты сақтау камерасына өткізген кезде қатысушы сөрелік нөмірге бекітілетін стикерді алады. Стикер жоғалған жағдайда, сөмке Қатысушыға жарыс өткен күні берілмейді. Сөмкені шара аяқталғаннан кейін бір аптаның ішінде, сөмкенің ішіндегі заттарды нақты атай отырып, «Бірінші болу – батылдық» КҚ офисінен алып кетуге болады.

### **13. НӘТИЖЕЛЕРДІ ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ЖАРЫС ЖЕҢІМПАЗДАРЫН АНЫҚТАУ**

**13.1.** Жарыс қашықтықтары бойынша жарыс қатысушыларының нәтижесі Жарыстың электронды хронометраж жүйесінде тіркеледі және оны Жарыстың төрешілер алқасы растайды. Жарыс қашықтықтары бойынша жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау мәре сызығына жету фактісі бойынша жүзеге асырылады.

**13.2.** Жарыс қашықтықтары бойынша жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау World Athletics ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

**13.3.** Жарыстың ресми нәтижелері Жарыс аяқталғаннан кейін 24 (жиырма төрт) сағат ішінде [www.almaty-marathon.kz](http://www.almaty-marathon.kz) интернет-сайтында жарияланады.

Қатысушылардың Жарыс ережелерін бұзғаны туралы ақпарат алынғаннан кейін Ұйымдастыру комитеті фото/бейнежазбаны талдау арқылы бұқаралық іс-шараны өткізу орнын қайта тексеруге құқылы және, қатысушылардың Жарыс ережелерін бұзғаны анықталған жағдайда, қорытынды хаттаманы өзгерту туралы түпкілікті шешім шығаруға құқылы.

**13.4.** Жарысқа қатысушының нәтижесі сөрелік нөмір дұрыс орналасқан жағдайда ғана тіркеледі.

**13.5.** Жарыстың Ұйымдастыру комитеті төмендегі жағдайларда Жарысқа қатысушылардың әрқайсысы жеке нәтижесін 100% алатынына кепілдік бермейді:

- Чип дұрыс бекітілмегенде;
- Чип магнитсізденгенде;
- Чип киіммен немесе басқалай жабылғанда;
- Жарыстың Төрешілер алқасының шешімі бойынша Жарыстан шеттетілгенде;
- Қатысушы чипті зақымдап алғанда.

#### **13.6. Қорытынды шығару кезінде қолданылатын терминология:**

- DNS – Did not start (қатысушы сөреге шықпады)
- DNF – Did not finish (қатысушы мәреге жетпеді)
- DSQ – Disqualified (қатысушы Жарыстан шеттетілді)
- CR – Championship Record (жарыстар рекорды)
- GUN TIME – Қатысушының мәреге жету уақыты. Сөре белгісінің берілуінен бастап қатысушының мәре төсеніштерін кесіп өтуіне дейінгі уақыт
- CHIP TIME – Қатысушының жеке уақыты. Қатысушының сөре төсеніштерін кесіп өтуінен бастап мәре төсеніштерін кесіп өтуіне дейінгі уақыт

**МАҢЫЗДЫ! Жеңімпаздар мен жүлдегерлер қатысушының GUN TIME мәреге жету уақыты бойынша анықталады.**

### **14. ЖАРЫС ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ**

**14.1. Жартылай марафон (21 км 975 м) ерлер мен әйелдер арасындағы қатысушыларды абсолюттік біріншілікте 1-3 орындар үшін марапаттау.**

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері ақшалай сертификат, грамота, медаль және бағалы жүлде алады. Жарыстың осы қашықтығындағы абсолюттік есептегі жеңімпаздар жас санаттарында марапатталмайды.



**14.2. Жартылай марафон (21 км 975 м) ерлер мен әйелдер арасындағы қатысушыларды жас санаттарында 1-3 орындар үшін марапаттау.** Жарыстың осы қашықтығындағы жеңімпаздар мен жүлдегерлер грамота, медаль және ақшалай сертификат алады.

Қатысушы жалпы есепте (абсолюттік) 1-3 орын алған жағдайда, оның өз жас санатында жеңімпазды анықтау кезіндегі нәтижесі есепке алынбайды.

**14.3. 10 км-ге спутник жарысы ерлер мен әйелдер арасындағы қатысушыларды жас санатында 1-3 орындар үшін марапаттау.** Жарыстың осы қашықтығындағы жеңімпаздар мен жүлдегерлер грамота, медаль және ақшалай жүлде алады.

**14.4. Экиден 21.1. Командаларды абсолютті біріншілікте 1-3 орындар үшін марапаттау.** Жарыстың осы қашықтығындағы жеңімпаздар мен жүлдегерлер ақшалай сертификат, грамота, медаль, кубок алады.

**14.5.** «10 км Скандинавиялық жүріс» қашықтығында марапаттау болмайды.

**14.6.** Жарыс қашықтықтарында мәреге жеткен (шектеулі уақытта келіп үлгерген) барлық қатысушылар мәресінің естелік медалін алады.

**14.7.** Ақшалай жүлделер Жарыс өткеннен кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Жарыс жеңімпазының жеке банктік шотына аудару арқылы беріледі. Алу үшін Жарыс жеңімпазы Жарыс өткізілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде [info@almaty-marathon.kz](mailto:info@almaty-marathon.kz) электронды поштасына мына құжаттарды жіберуі тиіс:

- **Резиденттер үшін:**

- Банктік шоттың болуы туралы анықтаманы, сондай-ақ жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін;

- **Бейрезиденттер үшін:**

- Жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін, ақшаны алатын елдің/қаланың атауын, банктің атауын, алушының жұмыс істеп тұрған телефон нөмірін.

**14.8.** Жарысқа қатысушы жүлделі орынды иеленгені үшін сыйлығын Жарыс кезінде алып кетпеген жағдайда, ол оны Жарыс өткеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 5-үй, 1а блогы, 501-офис мекенжайындағы «Бірінші болу – батылдық» Корпоративтік Қорының Ұйымдастыру комитетінің офисінен сағ. 09:00-ден 18:00-ге дейін алып кете алады.

Жарысқа қатысушы сыйлықтарды өздігінен алып кете алмайтын және оларды алуды сенімді адамға табыстай алмайтын жағдайда, Жарыс жеңімпазы [info@almaty-marathon.kz](mailto:info@almaty-marathon.kz) электронды поштасына Ұйымдастыру комитеті алушының есебінен сыйлықтарды жолдай алатын мекенжайды жіберуі тиіс.

Бұл опция тек Қазақстан Республикасының резиденттері үшін қолжетімді.

**14.9. Осы Ереженің 14.7-тармағында көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін Ұйымдастырушы жеңімпаздарға сыйлықтарды бермеу және ақшаны төлемеу құқығын өзіне қалдырады.**

## **15. ЖАРЫС МАРШРУТЫНДА ӨЗІН ҰСТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

**Жарыс World Athletics (бұдан әрі – WA) 2022-2023 жж. Ережелері бойынша өткізіледі**

**15.1.** Біздің ұсынымдарымыз:

- Екі және одан көп қатысушылармен бір қатарда жүгірмеу.
- Жай жүруге көшкенде жолдың оң жағын ұстану.

**15.2.** Мыналарға тыйым салынады:

- Арбадағы спортшылардан және балаларға арналған арнайы жүгіру арбалары бар қатысушылардан басқа барлық адамдарға кез келген механикалық қозғалыс құралдарын (самокат, велосипед, роликтер және т.б.) пайдалануға.
- Жарысқа құлаққаппен қатысуға. Қатысушы басқа қатысушылардың, төрешілердің, ұйымдастырушылардың және Жарысты ұйымдастыруға тартылған басқа да адамдардың ескертулерін естуге міндетті.
- Жануарлармен қатысуға.



- Алкогольден немесе есірткіден масаю күйінде қатысуға.
- Басқа қатысушыларға қауіпті болуы мүмкін кез келген заттармен қатысуға.
- Серуендеу арбаларымен қатысуға.
- Трассада тоқтауға. *Өзін нашар сезінген жағдайда, қатысушы мүмкіндігінше Жарыстың басқа қатысушыларының қозғалысына кедергі келтірмей, жарысқа қатысуын тоқтатып, жол шетіне шығуы қажет.*
- Қатысушылардың қозғалысына және жарысты ұйымдастыруға басқа да тәсілдермен кедергі жасауға.
- Қатысушы тамақ немесе сусын алып жатқан кезде команданың ресми тұлғаларының немесе басқа адамдардың ешқайсысы қатысушының жанында жүруге, жүгіруге, қозғалуға құқылы болмайды.
- Ережені бұзғаны үшін қатысушы жарыстан шеттетілуі мүмкін.

## **16. ЖАРЫСТАН ШЕТТЕТУ**

**16.1.** Жарыстың Ұйымдастыру комитеті мына жағдайларда Жарыс қатысушысын Жарыстан шеттетуге құқылы:

- қатысушы жүгіруді сөре ресми түрде басталмай тұрып бастады;
- қатысушы жүгіруді сөре аймағы жабылғаннан кейін бастады;
- қатысушы сөреге сөрелік нөмірсіз шықты;
- қатысушы Жарыстың Ұйымдастыру комитетінің, төрешілерінің немесе бас дәрігерінің нұсқаулары мен ескертулеріне назар аудармайды;
- қатысушы Жарыс ережелерін бұзды;
- қатысушы 2 (екі) қашықтықта немесе 2 (екі) және одан көп команданың құрамында жүгірді, бұл қатысушының да, командалардың да Жарыстан шеттетілуіне алып келеді.

**16.2.** Медициналық көрсетімдер бойынша жарыс төрешілері берген немесе олардың басшылығымен берілген жағдайлардан басқасында, ресми тамақтану орны болып табылмайтын басқа жерден немесе басқа қатысушыдан тамақ немесе су алған қатысушыларға алдымен төрешінің сары карта көрсетуі арқылы ескерту жасалуы тиіс. Екінші рет ереже бұзғанда, төреші қызыл карта көрсету арқылы қатысушыны жарыстан шеттетуі тиіс;

**16.3.** Қатысушы Жарыс өтетін кезде бейнекамера, мобильді телефон немесе смартфон, радио, плеер, құлаққап немесе басқа аппаратура ұстағаны немесе пайдаланғаны анықталған жағдайда, ол жарыстан шеттетіледі;

**16.4.** Жарысқа қатысушылар мына жағдайларда қорытынды хаттамадан шығарылады:

- қатысушы басқа адамға тіркелген басқа біреудің нөмірімен жүгіргенде;
- қатысушы қашықтықты қысқартқанда;
- қатысушы өтінім берілмеген қашықтықты жүгіргенде;
- қатысушы қол астындағы көлік құралын (велосипедті, самокатты, басқаларын) пайдаланғанда;
- қатысушы жүгіруді сөре аймағынан тыс бастағанда;
- қатысушы жүгіруді өз кластерінен бастамағанда;
- қатысушы нақты жарыстың ресми нөмірінсіз жүгіргенде немесе нөмір киімнің астында жасырылғанда;
- осы Ереже қағидаларын бұзғанда.

**16.5.** Қатысушы шараны ұйымдастырушыларға, төрешіге, волонтерларға қатысты әдепсіз, дөрекі немесе қорлайтын сөздерді қолданғаны үшін жарыстан шеттетілуі мүмкін.

**16.6.** Жарысқа қатысушылардың рұқсат етілмеген саяси, әлеуметтік және т.б. митингтерді, арандатушылық үндеулерді, саяси үгіттеулерді, наразылық акцияларын, демонстрацияларды өткізуіне, сондай-ақ саяси, әлеуметтік бағыттармен байланысты кез келген атрибуттарды, логотиптерді пайдалануына тыйым салынады. Осы тармақты бұзғаны үшін Қатысушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.



## **17. ЖАРЫСТЫҢ ТӨРЕШІЛЕР АЛҚАСЫ**

**17.1. Жарыстың төрешілер алқасы** – төрешілер Жарыс ережелерінің сақталуын, Жарысқа қатысушылар арасындағы спорттық доданың әділ және адал жүргізілуін, ал Жарыс жеңімпазының объективті түрде анықталуын мұқият қадағалайды. Жарысқа қызмет көрсететін барлық спорт төрешілері Жарыстың Төрешілер алқасын құрайды.

### **17.2. Жарыстың Төрешілер алқасының құрамына мыналар кіреді:**

#### **• Жарыстың Бас төрешісі:**

*Жарыстың Бас төрешісі* Жарыстың жекелеген төрешілері арасында міндеттерді бөледі, ал Жарыс аяқталған кезде бас төреші Жарыстың Ұйымдастыру комитетіне ол туралы жазбаша есеп береді.

#### **• Жарыстың Бас хатшысы:**

*Жарыстың Бас хатшысы* хаттамаларды өңдейді және нәтижелерді шығарады, төрешілерді, қатысушыларды және көрермендерді жарыстың барысы туралы хабардар ету үшін қажетті материалдарды уақтылы дайындайды, ал Жарыс аяқталғаннан кейін нәтижелер бойынша жалпы есепті құрастырады.

#### **• Жарыстың сөре-мәре аймағының төрешілері:**

*Жарыстың сөре-мәре аймағының төрешілері* жарыс кезінде ережелердің сақталуы және ешкімнің артықшылықтарға ие болмауы үшін Жарысқа қатысушылардың қашықтыққа кластерлерге сәйкес шығуын қатаң қадағалайды. Мәре түзуінде төрешілер алғашқы 10 (он) мәрешіні мәре хаттамаларына тіркейді. Хаттамалар нәтижелерді хронометраж жүйесімен салыстырып тексеру үшін Жарыстың Бас төрешісіне ұсынылады.

Жарыстың Төрешілер алқасына кәсіби спортшылар мен мамандарды шақыруға рұқсат етіледі.

### **17.3. Жарыстың Бас дәрігері:**

*Жарыстың Бас дәрігері* жарыс жолында және Жарыстың сөре-мәре қалашығында медициналық қызметкерлер мен Жарыс волонтерларының жұмысына жетекшілік етеді. Қажет болған жағдайда, Жарыстың Бас дәрігері қатысушыны Жарыстан алып тастай алады.

## **18. ФОРС-МАЖОР**

**18.1.** Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары/ұйымдары/қызметтері, соның ішінде жергілікті өзін-өзі басқару органдары тарабынан Жарысты өткізуге ресми тыйым салынған жағдайда, Ұйымдастырушы Жарысты кейінірек мерзімге ауыстыру құқығын өзіне қалдырады. Жарысқа қатысушылардың осыған дейін төлеген барлық сөрелік жарналары автоматты түрде Жарыс өтетін жаңа күнге ауыстырылады. Жарысты өткізудің нақты (жаңа) күнін Ұйымдастыру комитеті қатысушыларға осы Ереженің 21-бабында көрсетілген Ұйымдастырушының Ақпараттық дереккөздерінде осы ақпаратты орналастыру, сондай-ақ Жарысқа тіркелу кезінде Жеке кабинетте көрсетілген Қатысушының жеке поштасына хабарламалар жіберу арқылы кейінірек хабарлайды.

**18.2.** Қазақстан Республикасының қабылданған мемлекеттік нормативтік-құқықтық актілеріне байланысты Жарыстың басқа елден келетін шетелдік қатысушысы Жарыстың басталу қарсаңында Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан өте алмаған және Жарысқа қатыса алмайтын жағдайда, ол Ұйымдастыру комитетіне өзінің сөрелік жарнасын *Almaty Half Marathon 2025* келесі жүгіру жарысына ауыстыру туралы өтінім бере алады. Бұл жағдайда өтінім беру оны [info@almaty-marathon.kz](mailto:info@almaty-marathon.kz) электронды поштасына жіберу арқылы жүзеге асырылады.

## **19. НАРАЗЫЛЫҚТАР МЕН КІНӘРАТ-ТАЛАПТАР**

**19.1.** Наразылықтар Жарыстың Ұйымдастыру комитетіне беріледі және оларды Жарыстың Төрешілер алқасы қарайды.

**19.2.** Жарысқа Қатысушы Жарыс аяқталғаннан кейін күнтізбелік 2 (екі) күн ішінде кінәрат-талап қоюға құқылы.



Кінәрат-талаптар [info@almaty-marathon.kz](mailto:info@almaty-marathon.kz) электронды поштасына жіберіледі.  
Кінәрат-талап қою кезінде Жарысқа қатысушы мына деректерді көрсетуі қажет:

- қатысушының аты-жөні (анонимді өтініштер қаралмайды);
- кінәрат-талаптың мәні, кінәрат-талаптың мазмұны;
- кінәрат-талап қою негіздері (фотосурет немесе бейнежазба).

**19.3.** Жарыстың Ұйымдастыру комитеті наразылық және/немесе кінәрат-талап алынған мезеттен бастап 24 (жиырма төрт) сағат ішінде Жарыс қатысушысына ресми жауап дайындайды, ол кінәрат-талап/наразылық берілген электронды адреске жіберіледі.

**19.4.** Кінәрат-талаптар тек Жарыс қатысушыларынан ғана қабылданады.

## **20. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫН АККРЕДИТТЕУ**

**20.1.** Жарысқа бұқаралық ақпарат құралдарын аккредиттеу алдын ала жүргізіледі. Жарысқа аккредиттеу үшін **2024 жылғы «18» сәуірге дейін** [prmanager@almaty-marathon.kz](mailto:prmanager@almaty-marathon.kz) электронды поштасына деректерді (БАҚ атауы, тілшінің, оператордың, фотографтың аты-жөні, байланыс телефоны және e-mail адресі) жіберу қажет.

## **21. ЖАРЫСТЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ДЕРЕККӨЗДЕРІ**

**21.1.** Жарыс туралы толық ақпарат [www.almaty-marathon.kz](http://www.almaty-marathon.kz) интернет-сайтында, сондай-ақ Ұйымдастыру комитетінің төмендегі әлеуметтік желі аккаунттарында орналастырылған:

- <https://vk.com/almatymarathon>;
- <https://www.facebook.com/almatymarathon/>;
- <https://www.instagram.com/almatymarathon/>;
- [t.me/almaty\\_marathon](https://t.me/almaty_marathon).

**Жарыстың Ұйымдастыру комитеті басқа ақпараттық ресурстарда орналастырылған ақпарат үшін жауапкершілік көтермейді.**

## **22. ЖАРЫС ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯЛАУ ҚҰҚЫҚТАРЫ**

**22.1.** Спорттық жарыстың бейнесін және (немесе) дыбысын кез келген тәсілмен және (немесе) кез келген технологияның көмегімен трансляциялау, сондай-ақ аталмыш трансляцияны бейнежазбаға түсіру арқылы Жарыс туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаудың айрықша құқығы «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қорына (бұдан әрі — Құқық иесі) тиесілі.

Құқық иесі спорттық жарыс туралы ақпаратты жариялау құқықтарын үшінші тұлғалардың сатып алуы туралы үшінші тұлғалармен жазбаша түрде шарттар жасасуға құқылы.

## **23. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**23.1.** Жарысты өткізу туралы осы Ереже Жарысқа қатысуға ресми шақыру болып табылады.

**23.2.** Ұйымдастыру комитеті Жарысты өткізу туралы осы Ережеге өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.